



«Кселл» АҚ акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысының нәтижелері

Алматы, 8 қаңтар 2016 жыл. «Кселл» акционерлік қоғамы (бұдан былай «Кселл» немесе «Компания») (LSE, KASE: KCEL) – Қазақстан телекоммуникация нарығындағы кіріс және абоненттік база көлемі бойынша жетекші оператор – 2016 жылдың 6 қаңтарында өткен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының (КТЖЖ) нәтижелері туралы жариялайды.

КТЖЖ Sonera Holding B.V. акционерінің өкілі Питер Лав мырзаны Кеннет Берндт Карлберг мырзаның орнына «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлауды; және Fintur Holdings B.V. акционерінің өкілі Эмиль Нильссон мырзаны Эрик Холлберг мырзаның орнына «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлауды мақұлдады.

КТЖЖ дауыс беру нәтижелерімен хаттамасы Kcell www.investors.kcell.kz корпоративтік сайтында жарияланатын болады.

Питер Лав

Питер Лав өз карьерасын Telia Sonera-да 2000 жылы бастаған, ол TeliaSonera Group-тың заң департаменттерінде түрлі жетекші лауазымдарда болған: Еуразия аймағының Бас кеңесші заңгерінің м.а. (желтоқсан 2013 ж. – сәуір 2014 ж.), TeliaSonera International Carrier Бас кеңесші заңгері (ақпан 2011 ж. – желтоқсан 2013 ж.), Broadband Wholesale Бас кеңесші заңгері (қаңтар 2007 ж. – ақпан 2011 ж.), TeliaSonera International Carrier Вице-президенті және Бас кеңесші заңгері (ақпан 2004 ж. – қаңтар 2007 ж.), TeliaSonera International Carrier and Network Sales Telia AB құрамында Бас кеңесші заңгері (қыркүйек 2000 ж. – ақпан 2004 ж.). TeliaSonera-ға келгенге дейін ол Lindskog Malmström Advokatfirma заң фирмасында және Стокгольм қала сотында жұмыс істеген. Питер Лимбург университеті, Нидерланды еуропалық және салыстырмалы құқықтану магистрінің дәрежесі, сонымен қатар Упсалы университеті, Швеция құқық магистрі дәрежесіне ие.

Эмиль Нильссон

Эмиль Нильссон өз карьерасын Ericsson-да 1996 жылы бастаған, ол компанияның Швециядағы, Бразилиядағы, АҚШ және Австриядағы бөлімшелерінде түрлі лауазымдарға ие болған, оның ішінде Ericsson Бразилия Бас қаржы директоры және Президент м.а.; Солтүстік Америкадағы бөлімшенің Бас қаржы директоры және Бас өндірістік директоры; Орталық Еуропа аймағының Президенті болған. Эмиль Ericsson-нан 2012 жылдың тамыз айында штатында 50000-ға жуық адам бар бұқаралық компания Sandvik Group (Швеция) Вице-президенті және Қаржы директоры лауазымына ие болу үшін кеткен. Sandvik Group-та бір жылдан астам жұмыс істеп, ол өзін 2012 жылдың ақпан айында өзі негізін қалаған халықаралық бизнес және инвестициялық менеджментті дамытуға байланысты отбасылық бизнеске толығымен арнауға шешім қабылдайды. 2015 жылдың басынан Эмиль TeliaSonera-да Вице-президент және Аға кеңесші ретінде жұмыс істеген, ал 2015 жылдың қазан айында TeliaSonera тобының Еуразия тобының Аға вице-президенті және Басшысы ретінде тағайындалды. Одан басқа, 2013 жылдың тамыз айынан бастап ол еуропалық гандбол бойынша Швеция ұлттық құрамаларының Директорлар кеңесінің

мүшесі болып табылады. Эмиль Стокгольм Университетінің қаржы саласындағы дәрежесіне ие.

Контакты

Отношения с инвесторами

Ирина Шоль

тел: +7 727 2582755 вн. 1002

Investor_relations@kcell.kz

СМИ

Наталья Еськова

тел: +7 727 2582755

Pressa@kcell.kz

Международные СМИ

Instinctif Partners

Кэй Ларсен, Галина Кулачек

тел: +44 207 457 2020

Компания туралы

Kcell қосымша құны бар дауыстық байланыс қызметтерін көрсетеді, оның ішінде қысқа хабарламалар сервисі, мультимедиялық хабарламалар және мобильді контент-қызметтері сияқты қосымша қызметтерді (VAS), сондай-ақ Интернетке қолжетімді қосқанда деректерді беру қызметтері. Компания екі бренд ұсынады: ең алдымен, корпоративтік клиенттерге (оның ішінде мемлекеттік ұйымдарға) бағытталған Kcell бренді және, ең алдымен, жаппай нарық абоненттеріне бағытталған Activ бренді. Компания өз қызметтерін Қазақстан Республикасының халық орналасқан барлық дерлік аумағын ұялы байланыспен қамтыған.

2012 жылдың желтоқсанында Kcell Лондон қор биржасында ЖДҚ және KASE-те өзінің жай акцияларын табысты орналастырды. Баға бір ЖДҚ үшін 10,50 АҚШ доллары және бір акцияға 1,578.68 теңге көлемінде орнатылды, мұнда бір ЖДҚ бір акцияға тең. Ұсыныс Kcell жарғылық капиталының 25 пайызын құрайтын TeliaSonera-ға 50 млн. акцияны сатудан тұрды. TeliaSonera тікелей немесе жанама түрде компанияның 61,9% жай акциясына ие.

Kcell Қазақстан Республикасындағы мобильді деректерді беру өсімінің айтарлықтай әлеуетінен пайда көруді жоспарлауда. Компания қамту аймағын кеңейту мақсатында 3G желісін жаюға инвестиция құюды, сондай-ақ белгіленген тәртіпте 4G стандартындағы жоғары сапалы байланыс қызметтерін ендіруді жалғастырмақ. Kcell өз өнімдері мен қызметтерін бәсекеге төзімді бағаларға ұсыну, желінің жоғары сапасын сақтау мен бренд құндылығын арттыру арқылы табыс көлемі мен абоненттер саны бойынша өзінің жетекшілігін сақтап қалуға талпынуда.